


КАРАНТИН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БІЛІМ САЛАСЫ

Өткен жылдың 31 желтоқсанында Қытайдың Ухань қаласында «Covid-19» коронавирус инфекциясы алғаш рет тіркелсе, уақыт ете әлемге таралып, қазіргі таңда адамзатқа және бүкіл әлемдік экономикаға кері әсерін тигізіп отыр. Мұндай сынақтан Қазақ елі де сырт қалмады.

Төтенше жағдай мен карантин еліміздің білім беру саласына да сын болғаны ақиқат. Әсіресе, шалғай жатқан ауылдар мен аудан мектептерін компьютерлік технологияның құралдары мен жоғары жылдамдықтағы интернет желісімен қамтамасыз ету, сандық ресурстарды қолдану деңгейінің ете темендігі қашықтан білім беруге көрі әсерін тигізді. Себебі, қашықтан білім беру – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың түрі, білім беру үдерісінде инновациялық әдістерді қолдану арқылы қажетті ақпаратты беру, жеткізу және қабылдау түрі болып табылады.

Сондықтан қалыптасқан жағдайда министрлік білім беру саласымен өзара байланыстағы министрліктермен бірлесе отырып, тығырықтан шығу жолдарын қарастырды. Нәтижесінде, бастауыш, орта және жоғары білім беру үйымдары Zoom, Webex Meetings, OBS Studio және т.б. сандық платформаларына енгізіліп «Еларна», «Балапан» телеарналары арқылы қашықтан оқытуды жалғастырды. Алғашқыда кездескен қындықтар мен орын алған олқылықтар білім беру саласы үйымдарының көсіби құзыреттілігін сынай түскендей болып, кейн ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге бейімдеп, осы форматта білім берудің қырсырын менгеруге ықпал етті.

Педагог-ұстаздардың мәселесі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың да, ҚР Президенті



К.Тоқаевтың да назарынан тыс қалған емес. Әсіресе, Мемлекет басшысы К.Тоқаев 2019 жылдың 16. тамызында «Bilim jáne bylyml!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысына қатысып, сез сөйлеп: «Кейінгі урпақ тәуелсіздігіміздің туын әрқашан жоғары ұстауы тиіс. Қазіргі жаһандану дәүірінде жаңа технологияның қарқынды дамуы өмірімізге түбекейлі өзгерістер әкелді. Адам капиталына, білім саласына қойылатын талаптар мүлдем өзгеше. Сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды. «...Біз қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне әрқашан сай болуымыз керек. Бул үшін бір орында тұрып

калмай, ілгері жылжу басты мақсат болуы тиіс», - деп, мұғалім мен білім алушының қазіргі таңдағы жаңа талаптарға сай жауапкершілігі болуына назар аударған болатын.

Сонымен қатар, бұл тамыз конференциясының өзіне тән екі ерекшелігі болғандығын атап кету керек. Бірінші – Мемлекет басшысының қатысып, ой белісуі, екіншісі – жаңа форматта етуі, яғни делегаттардың жалаң, жалынды сөздермен емес, көрініше, кемшіліктерді ашық айтып, күрмеуі күрделі мәселелерді бірлесе шешу жолдарын іздеңстірумен халық жадында қалды.

Ашық онлайн-платформа жобасы ҚР-ның

2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасын және e-learning электрондық білім беру жүйесін енгізуі жүзеге асыруға бағытталған. Жаппай ашық онлайн курстары (ЖАОК) студенттер мен қызығушылық танытушылар үшін қосымша көсіби құзырет алушың маңызды қайнар көзі болып табылады және IT-технологиялар арқылы білім беру қызметінің спектрін арттырады. Сондықтан, ҚазҰДЫң тәжіриbesі негізінде әрбір жоғары оқу орындары Жаппай ашық онлайн курстарын (ЖАОК) үйімдастыrsa, нұр үстіне нұр болар еді. Әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында Жаппай ашық онлайн курстары кеңінен қолданылады.

Мемлекет басшысы К.Тоқаев мөлімдемесінде білім беруді анағұрлым икемді етуге, оқушылар мен студенттерге қашықтықтан оқытудың әдістері мен тәсілдерін өзірлеу, елдегі барлық оқу орындарында нақты цифрландыруды аяқтауга, қазіргі заманғы қашықтан білім беру технологияларын жеделдетіп енгізуге, білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарастыруға, оларды қолжетімді әрі интерактивті ету және мұғалімдердің дайындығының жаңа талаптарға сай болуы керектігіне баса назар аударады. Ендігі кезекте, соған сәйкес, әрбір білім беру мекемесі барлық құш-жігер, білімін сапалы әрі қолжетімді қашықтан білім берудің кешенді жүйесіне арнауы тиіс.

**С.КАРИБАЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, «Қазақстан
тариҳы» кафедрасының менгерушісі,**

**т.ғ.к., доцент,
Н.БАЙМАХАНОВ,
магистр,
Әмірхан ЕРХАН,
магистр.**